



ҚАЗАҚСТАН
РЕПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Шайқап алмай бақытының шарабын, әйел болу оңай емес, қарағым.

(Сәуле Досжанованың поэзиясы туралы)

Сәуле Досжанованың «Арман қала» атты өлеңдер жинағына аты айтып тұрғандай – ақынның Астанаға барған соң жазған жырлары топтастырылған. Жинақтағы өлеңдерін автор мазмұны мен түріне қарай бес бөлімге топтаған екен.

«Сөз қасиеті» деп аталатын бірінші бөлімнің беташары:

Қантамырдай күллі ғалам бойында,

Қайталанып жатыр сөзің, ойың да.

Қүдіреті, қасиеті сол – СӨЗДІ

Кімнің, қалай қолданғаны жайында, – деп келеді.

Иә, біздің әңгімеміздің төркіні де сол, яғни қазақтың сөз өнерін Сәуленің қалай қолданғаны жөнінде болмақ. Мұқағали туған топырақта туған лирикалық кейіпкер ақын жұтқан ауаны жұтып, ақын ішкен бұлақтан шөлін қандырғандықтан тілі шыға жырға құмар болып өседі. Мұның өзін киелі топырақтың асыл қасиетіне балауға болады.

Іленің жағасындағы Жыңғылды ауылында өскен бойжеткен мектепті бітірген соң, еліміздің астанасы Алматыға қарай бет түзейді. Арман қуып, шалғайдағы ауылдан қазақтың қара шаңырағына білім іздеп келген талапкердің «қасиетті ұяға имене келуі» қазақтың ибалы қызын көз алдымызға елестетеді. «Ұлы Мұхтардан дәріс тыңдаған, Ғұламалардың данасын таптым» дейтін лирикалық кейіпкер білім алу жолында «инемен құдық қазғандай» еңбек етеді. Әр сөзін бойтұмарға теңейтін ақын қыздың «Жыр тұмар», «Сөз туралы сөз», «Жыр жазбаймын», «Іңкәрлік», «ҚазГУ-ге», «Жаза алмаса...» өлеңдерінен қазақтың асыл сөзіне деген іңкәр сезімін аңғару оңай. Ақын мұнда көркем сөздің құдіретіне бас иіп, біреумен біреуді табыстыратын, шағыстыратын, тоғыстыратын, шабыстыратын асыл сөздің астарына үңіледі. «Шын ақынның жүрегі атша тулайды, Шын өлеңде шын сезімдер шулайды» дейтін лирикалық кейіпкер Алланың берген талантын көпсінбей, жазғанын жария етпей жаза берді, жаза берді. Оның Алтыншаш Жағанова, Қанипа Бұғыбаева, Мырзатай Жолдасбеков, Сәт Тоқпақбаев, Жеңіс Кәкенұлы, Лена Әбдіхалықова, Икрам Адырбекұлы тәрізді замандастарына арнаған арнаулар тәуелсіз қазақ халқы үшін тер төгіп жүрген азаматтардың ерен ерлігін паш еткендей.

«Жарым, саған арнадым» деп аталатын екінші бөлімнің мазмұнын негізінен ақынның сүйген жарына деген жырлары құрайды.

Жырларым жақса шамдарын,
Менің да бағым жанғаны.
Құшағымда атса таңдарың,
Сенің де бағың жанғаны.
Өзіңе ғана жан-жарым,

Кітабымды осы арнадым, – дейтін лирикалық кейіпкердің сүйген жарға деген адалдығы өлеңнің әрбір шумақтарында, тармақтарында сайрап тұр. Ақын біткеннің аруларға жыр арнайтыны тәрізді, ақын қыздың ер-азаматын ардақтауы да орынды. «Еркектеріміздің тұлғасын Жырға орап жұртқа жіберем» дейтін ақынның жазушы Дүкенбай Досжановтың жары болғаны белгілі. Ер-азаматын сыйлаған ақын қолындағы қаламын біраз уақыт қазан-ошақ пен бала-шағаға, жар күтіміне айырбастай білді. «Алғашқы балам сияқты Еркелетемін жыр жазып» деген жолдардан ақынның жарына деген адал махаббатын аңғару оңай.

Қанеки, кұрбым, еркекті
Аялап жырға бөлейік.

Біз үшін олар тер төкті,

Жатырмыз содан көбейіп, – дейтін жолдардан «Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық» дейтін қазақ халқының азаматтың басын ардақтауы, құрметтеуі менмұндалайды. «Пал және сен» өлеңінде балшы Тамараның бір кезде айтқаны айдай келгеніне тәнті боламыз. «Сені сүю», «Имену», «Сол жы-лы», «Неге кеш кездестік», «Сен және оппоненттерің», «Сен және Алатау», «Сенің қуанышың» тәрізді жырлардың бәрі де Дүкенбай Досжановқа арналғаны белгілі. Ерлі-зайыпты болған соң, «ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» дейді қазақ, ал бұл ерлі-зайыптылардың сол ыдыс-аяқты сылдырлатпаудың алдын алғаны жарының мына сөздерінен байқалады: «Ашу келіп қалды ма, Шықпа менің алдыма! Орып түсер ойран сап, Арандарсың шалғыма». Д.Досжанов Мем-лекеттік сыйлық алған кезде: «Атақ пенен ақша тәйір сөз бе екен, Ең бастысы – сен қуанып жүр-генің» дегені ақ махаббат иесінің болмысын танытып-ақ тұр.

«Жыңғылдыдан» шыққан жалғызаяқ жол лирикалық кейіпкерді Сарыарқаға алып барады. Сарыарқаның төсінде жатқан қазақтың Елордасына ат басын тіреген ақын Астананың бүгінгі заманауи көркін мақтан етеді. «Жаңа Астана – жарқын өмір» деп аталатын үшінші бөлімде Елорда туралы жырлар жинақталған. Сарыарқадағы қыстан шыққан қала қалтырап тоңып жатқанмен, көктем шыға сұлу қыздай сылаңдап шыға келетіні, су бұрқақтардың бет моншақтары үзілуі, «Қазына» мен «Самұрық», Мәжіліс пен Сенат ғимараты, Бәйтерек тәрізді Астананың көркіне сән салтанат қосып тұрған ғимараттардың барлығы да ақын назарынан тыс қалмаған. «Парижды емес, бұл күні еуропалық, «Астананы бір көріп өлсем!» – дейді», – деген өлең жолдары бүгінгі Елордамыздың сән салтанатын бар болмысымен әлемге паш еткендей.

Ақын үшін қазақ жерінің бәрі де қасиетті, бәрі де киелі. Ақынның қырағы көзінен Алматының алмасы, Сарыарқаның қоңыр самалы, Атыраудың

мұнайы, Көкшетаудың «әппақ балтырын еркелей жел өпкен» қайыңы да тыс қалған жоқ.

Ақынның Есенғали Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» атты кітабын оқығаннан кейін туған құстар туралы шоғырлы өлеңдері де назар аударарлық. «Ұлар», «Тырналар», «Ақ дегелек (Ләйлек құс)», «Қараторғайым», «Қарлығаш келді», «Байғұс қыз ба, байғыз құс па?», «Аққу көрдім», «Көкекті ақтау» тәрізді шоғырлы өлеңдерінде құстар арқылы адамзат баласының өмір тіршілігін сөз еткендей.

«Әке аманаты» деп аталатын төртінші бөлімнің мазмұнын ақынның ата-анасы мен туған-туыстарына арнаған жырлары құрайды. Бұл бөлімде «Қай кезде де көрсетіп тек тектілік, Алты алашқа шығарарсың атымды» деген әке аманатын орындаған ақынның өмір жолына қанығамыз. «Сәуле шашып жүрсін деп маңайына, Беріпті әкем осы атты талайыма» дейтін лирикалық кейіпкердің «сәулеленіп салтанат құрғанын» қайран әкесінің көрмей кетуі өкінішті. Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер әкенің артынан ерген ұлы да, қызы да өзі болғандықтан әке атына шық жуытпауды көздеген лирикалық кейіпкер қайран анасының көршілеріне соңғы рет «ақын болады...» деген сенімін ақтауға тырысып баққан.

Жастық қызығын соғыс ұрлаған ананың отау құрып, көрген жалғыз қызын жеткізуі, оның «Әр көрген сайын өртене түсер өзегім, Мына бір жүзік анамның қалған көзі еді», «Көзіндей боп төрімде көрпеше тұр, Көзімдей боп бұлдырап жас көмілген», «Ағаш сандық қызыл-жасыл сырланған, Сыр шертесің сағынышты жылдардан» деп, көзіндей көріп анасынан қалған жәдігерлерді сақтауы ана мен бала арасындағы махаббатты толықтыруға қызмет етеді. Ана атынан ай-тылған: «Бесігінен балалықтың шыға сап, Бойжеткеннің есігінен төрлеттік» деген жолдар соғыс ерте есейткен жандардың өмірінен хабар берсе, «Арба көрсе елендеумен өтті апам, Арман болып, арба әкеткен қос ұлан...» деген жолдардан соғыс салған дертті уақыттың өшіре алмағандығына қанығамыз. Әке туралы шоғырлы өлеңдердегі қорғасынмен оқталған қара мылтық, Ақтаңгер ат, сегіз өрім, тобылғы сап қамшы тау тағысымен алысқан аңшының өмірінен хабар берсе, «бір көтермей тұнжыраған қабағы» немесе «бір бұрмайтын басқаға оттан назарын» деген жолдар аңшының өз ісіне ұқыптылығын ұқтырғандай. Осы бөлімдегі неше алуан түспен әдіп-теліп көмкерілген құрақ көрпеше мен қара мылтық, сегіз өрім, тобылғы сап қамшы ақын поэзиясының этнографиялық бояуын қалыңдатып тұр.

«Өмір – өзен» деп аталатын бесінші бөлімге лирикалық кейіпкердің өмір жолы негіз болған. «Жетім-жесір, зарлап қалған жандардың, қабағына қарап өскен» лирикалық кейіпкер ақындықтан бұрын адамдықты жоғары қойған қылықты қыз, ибалы келін, аяулы жар, абзал ана, мейірімді әже бола білді. Сұлулықты жаны сүйіп тұратын қыз-келіншектердің көпшілігі гүл өсіруге құмар. Ақын «отбасындағы психологиялық ахуалды реттейтін герань гүлін – «Мазасыздау өмірде, шуақ берген көңілге «Сабыргүл», – деп атаса, «Өгей» өлеңінде бейкүнә балаларға «өгей» деген сөзді естіртпейін деп жанұшырып жүрген жанның сыртынан сыпсындаған сөздердің еруі адамдардың екі

аяқпен емес, ауызбен жүретінінен, бақытты отбасының тыныштығын бұзғысы келетінінен мәлімет береді. «Шайқап алмай бақытының шарабын, Әйел болу оңай емес, қарағым» дейтін лирикалық кейіпкер әйел-аналарға отбасының отын өшіріп алмауын есіне салып: өмірге тіршілік нәрін себуші аналардың рухын асқақтата білді:

Құрсағында адамзатты көтерген,

Құшағында махаббаты өтелген.

Әйел деген – құдірет қой, құдірет,

Бізді өмірге әкелетін бір рет.

«Ақынның ғашық жүрегі» – қазақтың ақиық ақыны М.Мақатаевтың 1999 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Қарасаздан ұшқан қарлығаш» атты күнделіктер кітабын оқығаннан кейін туған поэма. Автор ақын күнделігінен 1974, 1975 жылдары жазған өмір жайлы бірнеше жазбаларын мысалға келтірген. Автор ақын тағдырының ауыр болғанын оның өз сөздері арқылы қайта тірілтіп, оған жан бітірген:

Үйің – табыт,

Босағасы – қара жердей болса да,

Басқалардай кете алмадың, сол табытты бір теуіп.

Ақынның келесі поэмасы – «Әйел және махаббат». Мұнда да ар мен адамгершілік мәселесі көтерілген. Ақын ауруханада бірге жатқан келіншектің өмір тарихын тыңдай отырып, оның тағдыр тәлкегіне ұшырауын тілге тиек етеді. Жиырма жасында іштегі үш айлық баласымен жесір қалған келіншектің жан жарасын түсінген ақын оның бейнесін «Өз жараңды өзің жалап келіпсің, Киіктейін садақ тиген далада» деп суреттейді.

Адамның барлығы да бақытты болғысы келеді. Бірақ өмір де өзіміз ойлағандай бола бермейді. Махаббат біреуге ерте, біреуге кеш кездеседі. Ал кездескен махаббаттардың барлығы дерлік бақытты болмай, әр түрлі кедергілерге ұшырайтыны – өмір заңы. Өмірдің бақыт пен қуаныштан, қайғы мен қасіреттен тұратыны заңдылық болса, ақын жүрек әйел атаулыға тек бақыт қана сыйлауға даяр. Авторлық ұстаным адамзатқа өмір сыйлайтын әрбір ана жар құшуға, бала сүйуге, бақытты болуға құқылы дегенге саяды.

Қолымыздағы жинақ ақынның сыршылдығын ғана емес, қазіргі қазақ поэзиясының аяқ алысын байқатып тұрғандықтан авторға шығармашылық шабыт тілейміз!

Гүлжаһан ОРДА,

М.Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері,

филология ғылымдарының докторы.